




МУХАМЕДЖАН

СЕРАЛИН







МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН

Мақалалары, публицистикалық
шығармалары, поэмалары
және аудармалары



«АУДАРМА» БАСПАСЫ
АСТАНА – 2002

ББК 84 (5 Қаз)

С 37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

«Алаш мұрасы» сериясының редакция алқасы:

Құл-Мұхаммед Мұхтар, **Қасқабасов** Сейіт, **Қойгелдиев** Мәмбет, **Әбділдин** Жабайхан, **Қирабаев** Серік, **Нүрпейісов** Кеңес, **Сапарғалиев** Қайрат, **Нұрғалиев** **Рымғали**, **Әнес** Ғарифолла.

Құрастырушы және жауапты шығарушы **Қабдеш Ыдырысов**.

Сералин **Мұхамеджан**.

С 37 Мақалалары, публицистикалық шығармалары,
поэмалары және аудармалары.

Астана: Аударма, 2002.—344 бет. + 1 б. т. жапсырма.

ISBN 9965-18-022-9

Кітапқа тұңғыш қазақ журналисі, редакторы және қоғам қайраткері Мұхамеджан Сералиннің мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары, аудармалары және М. Сералин туралы естеліктер енгізілді. Бұл жинақ бүгінгі таңда М. Сералин шығармашылығын барынша толық қамтыған тұңғыш толымды еңбек.

С 4702250200-42
00(05)-02

ББК 84(5 Қаз)

ISBN 9965-18-022-9

© Сералин Мұхамеджан, 2002

© «Аударма» баспасы, 2002

Ұлт тарихындағы ұмытылмас есім

XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында жаңа бағытты ұстанған зиялылар шоғыры қалыптасты. Бұрынғы қазақ ойшылдарымен салыстырғанда, біріншіден, олар шығыс және батыс мәдениетімен жете таныс; екіншіден, түркіше-қазақша сауаттылықпен қатар, **орыс және еуропа білімін** де меңгерген; үшіншіден, **басым көпшілігі** бірнеше тілдерді білетін; төртіншіден, сол кездегі әртүрлі қоғамдық-саяси ой-пікірлерге деген өз көзқарастарын **білдіруге** ұмтылып отырды; бесіншіден, халық тағдырын жалпы **адамзаттық-тарихи** даму үрдісімен, **рухани құндылықтармен** салыстыра отырып, оның алдындағы перзенттік парыздарын терең сезіне білді.

Әйтсе де, таза жүрек, анық ой, нық сеніммен туған **халқына** қызмет етуді мақсат еткен зиялылардың өмір жолы, көзқарастары мен тағдырлары әрқилы болды. Олардың бірқатары **үлкен мақсат** жолында құрбан болса, енді біреулері қуғынға ұшырап, есімдері еске алынбай келді. Соған қарамастан, елім деп еңіреген абзал азаматтардың есімдері халық жүрегінде **сақталды**.

Жаңа сипатты қазақ зиялыларының дүниеге келуінің өзіндік тарихы «Оян!», «Тұр!», «Пайдалы іске кіріс!», «Ұмтыл!» деген ағартушылық бағыттағы үндеулерімен қазақ қоғамдық-саяси өмірінде жаңа дәуір басталғандығын аңғартты. Бұл дәуірді ғалымдарымыз шартты түрде «ОЯНУ» дәуірі деп атайды. Қазақ зиялылары ағартушылықты алдымен оқу, білім беру жүйесін жетілдіруден бастап, мектептерде **оқытудың жаңа әдісін енгізуді басты мақсат** етті.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Ресей мұсылмандары үшін **рухани** жандану кезеңі **болғандығы** тарихтан мәлім. **Ұзақ** уақыт бойы отарлық езгі салдарынан **теперіш көріп**, экономикалық, **саяси**, мәдени тоқырау мен күйзеліс зардабын тартқан түркі халықтары арасынан шыққан зиялылар бар пәрменімен ұлтжандылық ілімдерді **таратуға** тырысты.

Түркі халықтарын дағдарыстан алып **шығатын** жолды іздестіру XX ғасырдың басында Ресей мұсылмандарының арасында қанат жая бастаған жәдид қозғалысымен тікелей байланысты. Жәдид" қозғалысының көш басында ғалым әрі көрнекті қоғам қайраткері Ысмағұл Ғаспыралы **тұрды**. Оның үлкен маңыз берген мәселесі — **мұсылман** мектептеріндегі оқу ісін жетілдіру, оқушыларды алдыңғы қатарлы **педагогикалық** тәсілдерді **қолдану** арқылы тәрбие

ған дәуірлерде мұсылман медреселерінде ілім-тыбия (медицина), ілім-икмет (физика), ілім-кимия (химия), ілім-набатад (ботаника) ілім-нуджума (астрономия) және тағы басқа пәндерді 20-30 мұдarrisтердің сабақ бергенін еске салды. Сонымен қатар Ы.Ғаспыралы араб әліппесін түркі тілдерінің дыбысталу заңдылықтарына сәйкестендіру бағытында жаңа дыбыс әдісін жасады. Бұл әдіс шәкірттердің ана тілін меңгеруін жеделдетіп, оқу сапасының жақсаруына мүмкіндік ашты. Ресей мұсылмандарының көрнекті қайраткері Ы.Ғаспыралы жаңа қағидаларды білім беруде ғана қолданумен шектелмей, қоғам өмірінің басқа салаларына да таратуды көздеді. Жасөспірімдердің сауатын жетілдіруге бағытталған ізгі талап біртіндеп Ресейдегі мұсылман халықтарын тездетіп өнер, ғылым жетістіктерін меңгеруге жетелей бастады. Ы.Ғаспыралы орыс және түркі халықтарын бір-бірінің тарихына, мәдениетіне, тіліне құрметпен қарауға, олардың қарым-қатынасының ресми байланыстан гөрі адамгершілік сипатқа өтуіне көңіл бөлді. Ы.Ғаспыралы алға қойылған мақсаттың табысты болуын Ресей саясатының орыс мұсылмандары жөнінде ұстанатын қағидаттарымен тығыз байланыстырды. Ол мұсылман және славян халықтарының өз келбетін сақтауы, адамгершілікті ұстануы, әділетсіздік пен кемсітушілікке қарсы тұруы үшін дін қуатына сүйенді.

Әрине, отаршылық жағдайы бұл іске ашық саяси сипат беруге толық мүмкіндік бермеді. Сондықтан, патша өкіметінің отаршылдық саясатын ескере отырып, жәдидтер жалпыұлттық маңызы бар ел басқару, заң шығару, мұсылман халықтарының мемлекет пен құқықтық жүйесін жандандыруға қатысты мәселелер бойынша өз пікірлерін барынша сақтықпен жариялауға мәжбүр болды. Дегенмен, жәдидтер бұл бағыттағы өздерінің келелі ой-пікірлері мен тұжырымдарын үзбей, тоқтаусыз зерттеп, насихаттау жұмыстарын жалғастыра берді.

Діни және зайырлы ағартушылықты қатар ұстануы жәдидтердің зер салатын мәселелерінің ауқымын да кеңейте түсті. Бірақ, жәдидтер қозғалысы XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдегі таптық күреспен тұспа-тұс келуімен байланысты кеңінен өрістей алмады.

Монархияға қарсы күресте Ресей пролетариат көсемдері жариялаған Бостандық, Еркіндік, Теңдік, Әділеттік ұрандары қалың бұқараны елітіп, оларды жәдидтердің қағидаларынан алшақтата бастады. Ұлт азаттығын тап азаттығына тәуелді ету, әсіресе бүкіләлемдік революция жоспарларын насихаттау арқылы большевиктер бірте-бірте жәдидтерді саяси билік сахнасынан ығыстырды. Монархияны құлатып, ұлттық саяси бостандыққа жетеміз деп большевиктерді қолдаған жәдидтерге, ұлт зиялыларының өкілдеріне кеңес өкіметі енді күдікпен қарай бастайды. Өйткені алғашында большевиктерді қолдаған ұлт зиялылары — жәдидтер енді

біртіндеп ол сенімнен арылып, ал кейбір ретте халық мүддесіне қайшы деп санаған мәселелер бойынша кеңес өкіметінің саясатына наразылығы мен келіспеушілігін ашық білдіре бастады.

Міне, осындай аумалы-төкпелі заманның құбылмалы ілімдер шайқасы жылдарында өз бағытынан айнымай, ұлттың асқақ арман-тілегін ел жадынан бір сәт те шығармайтын қайсар азаматтар аз болмады. Солардың бірі — көрнекті жазушы, журналист, қоғам қайраткері Мұхамеджан Сералин.

Қостанай өңірінде дүниеге келген Мұхамеджан жастайынан өмір тауқыметіне шынығып, кезіккен қиындықтарға шыңдалып, жігерін жани түседі. Жасынан алған тәрбие мен білімді ол Троицк қаласында жалғастырады. Оқуын тәмамдаған соң М.Сералин Сыр өңірінде мұғалімдік жұмыспен шұғылданады.

М. Сералиннің қазақ балаларына дәріс беріп, сауатын ашудағы қадамын А.Е.Алекторов «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің 1898 жылғы 302 нөмерінде үлкен ризашылықпен жазады. Сол жылдары М.Сералин педагогикалық жұмысты жазушылық, ақындық өнермен де ұштастырып, «Топжарған», «Гүлкәшимә» атты жыр-дастандар жазады.

М.Сералин өміріндегі елеулі кезең • — Троицкінің атақты саудагері әрі меценаты Яушевтің қарамағында қызмет атқарған жылдар болады. Сол кезде ол іссапармен ел ішін жиі-жиі аралап, халық тұрмысымен тереңірек танысады. Троицк қаласындағы зиялы қауыммен араласып, қоғамды толғандыратын мәселелер жөнінде пікір алмасады.

Троицк қаласы ол кезде үлкен мәдени орталық болатын. Қалада әртүрлі жиындар, сауық кештері, таңдаулы өнер-білім иелерімен кездесулер өткізіліп, М.Сералин бұларға ұдайы қатысып жүреді. Сол жылдары Троицкіде «Бақытсыз жігіт» атты спектакль қойылып, оған М. Сералинмен бірге барғаны туралы Яушевтар приказчигі А.С.Рахматуллин үлкен сүйіспеншілікпен еске алады. Троицк қаласында өткен жылдар М.Сералиннің көзқарасының қалыптасып, дамуына игі әсер етеді.

Мұхамеджан Сералин өміріндегі ең маңызды кезең — «Айқап» журналындағы қызметімен тығыз байланысты. 40 жасқа толар-толмас шағында ол қазақ қоғамындағы өзгерістерді жіті бағдарлап, қоғам дамуына кедергі болатын құбылыстардан арылтатын жолдарды іздейді. Бұл ретте ең ұтымды құрал жалпыұлттық журнал шығару болып табылатынын айрықша сезінді. Сөйтіп, көпшілікке мерзімді баспасөздің қуатын ұғындыруға сөзімен де, ісімен де құлшына кірісті. Ол журналды шығарудағы мақсат — халықты баспасөзге үйір ету, ұлт зиялыларын бір-бірімен таныстыру, халықтың мұң-мұқтажын көп талқысына салу арқылы ұлттың жедел ілгері даму жолын көрсету деп білді.

Кезіккен кедергілер мен ауыртпалықтарға мойымай, М.Сералин қазақ тілінде тұңғыш рет «Айқап» журналын шығарып, ұлт тарихы төрінен ұмытылмас орнын алды.

Қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Айқаптың» 1911 жылы дүниеге келуі — қазақ халқының қоғамдық, саяси, мәдени өміріндегі маңызы зор оқиға болды.

«Айқап» — ана тіліміздегі алғашқы журнал. Ол өзінің алғашқы нөмерінен бастап халықшылдық, жалпыұлттық мүддені ұстануымен барша қазаққа әрі қымбат, әрі қастерлі болған құнды басылым. Ұлттық журналдың дүниеге келуі — ұлт санасы деңгейінің, қазақ зиялылары мен бұқара халық арасындағы түсіністік пен байланыстың жаңа сатыға көтерілгенін айғақтады.

Бұл жаңа нышан елеусіз қалмай, «Оренбургский край» газетінің 1912 жылғы 155 нөмерінде М. Сералиннің «Айқапты» шығарудағы беделін көтеретін таңданыс ниеттегі хабар басылады.

М.Сералин өмірінің келесі кезеңі Ресей патшасы тағынан түсіп, елде басталған жаппай қозғалыстармен байланысты.

М.Сералин кеңес билігі мен тәртібінің орнығуын әлеуметтік әділеттіліктің салтанат құруы деп танып, бар күш-жігерімен жаңа өзгеріс жұмыстарына беріле кірісті. Коммунистер партиясын қазақ халқын отарлық езгіден құтқарушы әрі жарлы-жақыбайларды жарылқаушы деген нық сенімде болды. Сондықтан М.Сералин түбегейлі өзгерістерге қызу араласып, қазақ мемлекеттілігінің негізін қалауға бар ынта-ықыласымен атсалысты. Жаңа кеңестік басқару ұйымдарының жұмысына қатысқан кезде М.Сералин ұлттық мемлекеттің аумақтық тұтастығын нығайтуды, өлкенің экономикалық-шаруашылық жағдайын жақсартуды және мәдени-ағарту саласын өркендетуді нысана етті. Бұл жылдары ол әртүрлі жауапты қызметтерді журналистік, публицистік жұмыстармен қатар атқарды. Солтүстік Қазақстан өңірінде қазақ шаруаларының алғашқы үні болған «Ауыл» газетін шығаруды қолға алып, ақтық демі таусылғанша осы газеттің үзбей шығып тұруына бар күш-жігерін жұмсады. Оның бұл еңбегі еленіп, «Ауыл» газетінде «Сералыұлы» атты мақалада аталып көрсетілді¹.

Саналы өмірін халқының болашағына арнаған М.Сералиннің еңбегі өз замандастары тарапынан да жоғары бағаланды. Демек, кейінгі ұрпақ Сералин Мұхамеджан есімін қастерлеп, қадір тұтуы хақ-ты.

" Бірақ М.Сералин есімінің біраз уақыт беймағлұм болуына оның ұлтжандылығы, дінге тікелей қарсы шықпауы, Алаш қайраткерлерімен байланысын үзбеуімен коса, қайтыс болған соң отбасының жер аударылуы да себеп болады.

¹С Байменшин. Майлының Бейімбеті. Алматы, Білім, 1994. 58 б.

Өкінішке орай, халықтың өркениетіне қарсы әрекет жасап жүрген шолақ белсенділер М.Сералиннің көзі жұмыла салысымен, оның жанұясын Сыр аймағына жер аударғызады. Балалық шағы өткен ыстық мекеннен кетуге мәжбүр қылған сол қасіретті кезеңді М.Сералиннің кенже қызы Ғайни Мұхамеджанқызы: «1930 жылдың наурыз айында туған жерден айдалып, барар жеріміз, қайтар күніміз белгісіз он екі жан улап-шулап кете бардық... Үй ішінде шам жанулы (түнде келген болса керек), есік алдында ит байлаулы қала беріпті»¹, — деп күрсіне жазған еді.

Бұл қатыгез әрекет тек М.Сералиннің әулетіне ғана емес, бүкіл қазақ журналистикасы, әдебиеті, мәдениетіне үлкен зиян келтірді. Өйткені осы сойқанда Мұқаңның көптеген еңбектері, қолжазбалары мен жеке құжаттары жоғалып, қазақ әдебиетіне, ұлттық қоғамдық-саяси ой-пікір тарихына орны толмас нұқсан келді. Соның салдарынан ұзақ жылдар бойы М.Сералиннің қызметі мен шығармашылығы туралы зерттеулер өте мардымсыз жүргізілді, тіпті жүргізілмеді десе де болады.

Тіпті, зерттеуші ғалымдар М.Сералин есімін сақтап қалу үшін, оның әйгілі «Топжарған» дастанын озбырлық саясаттың қысымына сәйкес Кенесары қозғалысына қарсы бағытталған шығарма деп баға беруге мәжбүр бодды. Сондықтан зерттеуші С.Ергөбековтің: «Қайта жариялау кезінде «Топжарған» поэмасынан уақыт талабы, саясат ықпалымен түсіп қалған жолдар бар. Мұндай әрекетке М.Сералин шығармашылығын зерттеушілердің саналы түрде ақын атына қаяу түспей, поэманың уақтылы баспа бетін көріп, кеңес дәуірінде де жасай беруі үшін баруы мүмкін. Қалай болса да, бүгінгі оқырман түсінетін, өзін-өзі ақтайтын әрекет»², — деген тұжырымы шындыққа саяды.

Келесі бір көңіл аударарлық дерек — Қазақстан Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар қорында сақталған М.Сералин туралы Ж. Еленовтың естелігі. Онда естелік иесі М.Сералин Алаш қайраткерлерінің ұсыныстарын қабылдамаған деген жолдардан соң «А. Байтұрсынов бастаған Алаш азаматтарын М.Сералин өз үйінде үш күн қонақ қылды» деп жазып қалдырған. Осы сөздер арқылы біздің ойымызша, естелік иесі болашақ зерттеушілерге парасатты қорытынды жасауға ой меңзеп отырған тәрізді.

Бұл болжам рас болып шықты. М.Сералиннің А.Байтұрсынов бастаған Алаш азаматтарын қарсы алып, қабылдағанын өз көзімен көрген Хазила Рахымжанқызы Сералина апай 1989 жылы 24 тамызда болған кездесуде: «1921-22 жылдың бірі. Қысқы боранды күні ауылымызға А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Байгурин М. Есполов-

¹ Қазақстан әйелдері, 1989 жыл, 8 -нөмір

² С.Ергөбеков. М.Сералиннің әдеби-публицистикалық мұрасы.

-. Фил. ғылымд. канд. Автореф. А., 1996. 10 б. - >

тар келіп түсті. Оларға Сәлім мен Жұмасейіт қызмет етті. Мұхамеджан ағай қонақтарын жақсы құрметтеп күтті. Риза болған А.Байтұрсынов домбырамен «Жиырма бес енді айналып қайта келмес...» атты өлеңін жиналған барша қауымның есінен кетпестей шырқап берген болатын. Үш күннен кейін қонақтарды екі пар атпен Нұрпейіс Оңбаевқа аттандырды», — деп айтқан еді.

Сондай-ақ, «Айқап» журналын шығаруға жәрдем көрсеткен «Энергия» баспаханасының қожайыны Х.Ш.Сосновскиймен таныс, алғашқы кеңестік қазақ үкіметінің мүшесі әрі «Советская степь» қазіргі «Казахстанская правда» газеті редакторының орынбасары қызметін қоса атқарған М.Л. Страховенко-Фабрикантпен кездескенімізде қазақ зиялылары С.Сейфуллин, Ж.Садуақасов, С.Меңдешев, А.Оразбаева, Ә.Жангелдин туралы тың деректер, бірге түскен фотосуреттер алынды. Бірақ астыртын жұмыста ысылған М.Л. Страховенко А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен бірге түскен суреттерін беруден де, олар туралы жеке пікірін білдіруден де бас тартты. Себебін Қазақстанда бұл қайраткерлер туралы қалыптасқан көзқараспен оның пайымдауының сәйкес келмейтіндігімен және алаш қайраткерлері туралы сөз қозғаудың қауіпті екендігімен түсіндірді. Міне, осындай себептермен тоталитаризм заманында М.Сералин еңбектері, оны қоршаған адамдар туралы ақиқаттолық айтылмады.

Арада біраз үзілістен соң Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайловтың құрастыруымен 1946 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті» кітабында ғана М.Сералиннің есімі келтірілді. Соғыстан кейін әдебиет зерттеушілері Ә.Қоңыратбаев, Х.Бекхожин, Б.Шалабаев, Р.Бердібаев, Ә.Жиреншин, Б.Аманшин, Т.Абдрахманов, Ү.Субханбердина, Ө.Күмісбаев және тағы басқалары М.Сералиннің шығармашылығына арнап мақалалар жариялады. Қазақ ойшылдарының көзқарасын зерттеуге әдебиетшілермен бірге атсалысқан басқа да қоғамтанушылардың, әсіресе, тарихшы, философ, құқықтанушы ғалымдар А.Нүсіпбековтың, С.Бәйішевтің, Б.Сүлейменовтың, С.Зимановтың, А.Ф.Якуниннің, А.Қабдиевтің, М.Бурабаевтың еңбектерін атап өткен жөн.

Ұзақ жылдар бойы қыруар ізденістер жүргізіп, қазақ әдебиетінде Сералин тану негізін қалаған белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев болды. Оның «Журналист М. Сералин» атты 1957 жылы жарық көрген кітабы жаңа буын ғалымдарға М.Сералин шығармашылығын зерттеуге бағыт-бағдар сілтейтін маңызды құрал болып табылады. Алайда мұнда М.Сералиннің әдеби, журналистік, ақындық қызметін таразылауға көбірек мән беріліп, ағартушының қоғамдық, саяси, құқықтық ілімдері толық қамтылмаған.

60-70 жылдары М.Сералин туралы танымымызды кеңейтетін бірнеше мақалалардың жарық көруі ағартушының қоғамдық-саяси қызметін, пікірін зерттеу қажеттігін сезіндіре түсті. Сол жыл-

дары Қазақстан қоғамтанушы ғалымдары қазақтың бұрынғы-соңды қоғам қайраткерлерінің саяси-әлеуметтік, қоғамдық-құқықтық ой-пікірлерін тереңдетіп зерттеуді қолға ала бастады. Абай, Шоқан, Ыбырай сынды біртуарларымызбен ғана шектеліп келген ғалымдар, енді Әл-Фарабиден бастап кеңес заманына дейін қызмет еткен қазақ ойшылдары мен қайраткерлерінің ой-пікірлерін, көзқарасын түбегейлі зерттеуге ұмтылды.

Зерттеушілер Қазақстан Ғылым Академиясының академигі С.Зимановтың жетекшілігімен қазақ қайраткерлерінің қоғамдық саяси ой-пікірлерін жаңа көзқараспен зерттеуге кірісті. Нәтижесінде қазақ ойшылдарының еңбегін көрсетуге арналған бірнеше туындылар, соның ішінде М.Сералин туралы кітап жарияланды.

Әйтсе де, Мұхамеджан Сералиннің шығармашылығы толық зерттеліп, оның төл еңбектері әлі күнге дейін толық жарияланып болған жоқ. Сондықтан зерттеуші Т. Әбдрахмановтың: «Қазақ халқынан шыққан тұңғыш журналист, белгілі ақын М.Сералиннің артында қалған азды-көпті әдеби мұрасы әлі күнге жиналып, кітап болып шықпай келеді. Бұл турасындағы оқушылар жұртшылығының пікір - тілегі баспасөз бетінде бірнеше рет жарияланды. М.Сералиннің әдеби мұрасын түрлі бұрмалаушылықтан арылтып, дұрыста түпкілікті нұсқасымен оқушылар қауымын таныстыру қажет¹» деген ұсынысы өз күшінде.

ҚСССР ҒА философия және право институтында 1985 жылдың ақпан айында болып өткен ғылыми кеңес мәжілісінде академик С.Зиманов елімізде 40- жылдардан басталған қазақ ойшылдарының көзқарастарының зерттелу дәуірлерін айқындап, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің саяси-құқықтық ой-пікірлерін зерттеу маңыздалығын, академик Ж.Әбділдин қазақ ойшылдарының пайымдауларын әлемдік ойшылдардың тұжырымдарымен салыстару әдісін қолдана жүргізу мәселелерін көтерген еді. Бұл қазақ қоғамдық-саяси ілімдер тарихын зерттеуде жаңа белес ашып, М.Сералин еңбектерін жариялауды жедел қолға алуды да уәзипалаған болатын. Алайда, СОКП басшылығының Қазақстандағы 1986 жылғы орталықтың отарлық озбырлық саясатына қарсы бағытталған желтоқсан наразылығы мен бас көтеруін рухани тұншықтыру әрекеті салдарынан М.Сералин шығармаларын баспадан шығару кедергілерге ұшырады.

Еліміз тәуелсіздік алып, ұлтын егемендікке жеткізу жолында құрбандыққа барса да, ар жолынан таймай беделін биік, абыройын жоғары ұстап, халыққа қызмет етудің үлгісін көрсеткен әрбір Алаш азаматы өмірінің мемлекетіміз үшін қайталанбас құндылық болып табылатынын түсіну, М. Сералин шығармашылығын зерделеуге жете мән беруімізді талап етеді.

Т. Әбдрахманов. Жаңа ғасыр көгінде. А., 1969, 156, 163 бб.

Қазақ саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуші ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммедтің пікірінше, «Қазақ халқының» ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары алдыңғы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұраларының қазақ тарихында алатын орны ересен. «Алаш» партиясынсыз саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясынсыз» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихының ұлы арқаулары — тұлғалары тарихын жасау мүмкін емес-ті»¹. Осыған орай ұсынылып отырған жинақ қазақ қайраткерлерінің, соның ішінде М.Сералин шығармаларымен бүгінгі оқырмандарды таныстыруға бағытталған ізгі мақсатқа қосылар үлес деп білеміз.


Бүкіл күш-қайратын, ерік-жігерін туған елін көркейтуге жұмсаған М.Сералиннің қаламынан туған мақалалар бүгінгі күні де қазақ елінің, ұлтының, мемлекетінің қуатын арттыруға үндеп отырған қарымы мол күш. Осы жинаққа енгізілген абзал азаматымыздың шығармалары біз үшін, болашақ ұрпақ үшін таусылмас рухани қазына. Ықыласпен қабыл алыңыздар, ардақты оқушылар!

*Қабдеш Ыдырысов,
заң ғылымдарының кандидаты.*

¹Мұхтар Құл-Мұхаммед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы, 1998. 74 б.

БІРІНШІ БӨЛІМ

МАҚАЛАЛАРЫ МЕН
ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ
ШЫҒАРМАЛАРЫ



«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНАН

1911 ЖЫЛ

Шаһар Троицк, ғинуар

Құрметті оқушылар! Алдыңызға үшбу журналымды саламын, кішкене екен деп тоңыраймаңыздар.

Газит һәм журнал халық үшін керекті екендігіне бұл заманда шек етуші жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі халық арасында таралған газит, журнал һәм кітаптардан білінеді. Заман ғылымдылар заманы болған соң әрбір жұрт қатарласынан кейін қалмас үшін оқуға жармасқан: халыққа пайда келтірмек үшін ақша аямай, кітап, газит һәм журнал бастырып, халыққа тарату ыжтихадында.

Соңғы замандарда біздің қазақ жұрты да аз-маз тіршілік көрсетіп, газит шығаруды қолға алып қараса да, не себептендүр іске ұқсатып шығара алмады.

1907 жылы Государственный Думаның жылына сай Мардан Қосшығұлов ихтихады менен Петербуртта «Серке» есімлі журнал шыға бастап еді, ұзаққа бармай хукімет тарапынан тоқтатылды. Сол жылы Троицкіде Есмұхаммед Иманбаев «Киргизская газета» есімлі русша-қазақша бір газет шығармақ болып пробный номерін шығарды да тоқтатты.

Келер жылы Орынборда Исмағұл Иманшалов, Сералы Лапин бас болып, елдің бірқатар жақсыларын бас қосып газит шығару хақында кеңесіп еді, баяғы казактын, ынтымақсыздығы себеб болып, бұ да ыдырап кетті.

1906 жылы 28 майда Ақтөбеде І Думаға депутат сайларда өткен кеңес, жиылған ақшаның ешбір нәтиже шығармағандығын айту қажет те жоқ. Әр нешікті біздің қазақтың газит шығару турасындағы еткен ихтихады ешбір түрлі жеміс бермей босқа қалды. Мұның себебі — өзіміздің ынтымақсыздығымыз һәм надандығымыз.

Мендағы талап етіп, осы кішкене журналды шығармақ үшін қаламға жармастым. Жұртқа атақ шығарып білім сату үшін емес, бәлки дәулет иесі ағалар мұны көрген соң ойға қалмас па екен деген ниетпен. Қолда пұл жоқ, жұрт болып, жұртшылық етіп, бұл журналға көбірек қамқорлық етпесе, әлбәтте бұл журналды қазақтың дүнияға шығара алмаған ісінің бірісі болар да қалар, қазіргі үміт — халық назар салар дегенде.

Бұл журнал енді бір мәртөбе шығашақ, программасы мынау болашақ:

Бас сөздер.

Сыртқы хабарлар.

✕

Мұсылман тіршілігіне тиісті мәселелер.

Уақиғалар.

Фельетон.

Өлең-жырлар.

Кітаптар хақында һәм ғылым бабынан кеңестер.

Басқарушыға келген хаттар һәм одан-бұдан.

Журналымызға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де болар түсінбеген де табылар.

Біздің қазақтың айқап демейтұғын қай ісі бар ?! Газит шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді, пұлы барларымыз ынтымақтаса алмады, пұлы жоқтарымыз ынтымақтасса да, ақшасыз істің жөні табылмады қап пұлдың жоқтығы һәм қолдың қысқалығы-ай дедік.

Жақсы жерлерімізді қолда сақтар үшін қала салмақ болдық басымыз қосылмады, қолайлы жерлер қолдан кетті, «қап ынтымақсыздығымыз-ай!» дедік. Болыс не ауылнай боламыз деп таластық-қырылыстық, жеңіл-

геніміз жеңген жағымызға «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай!» дедік.

Осындай біздің қазақтың неше жерде «қап!» деп, қапыда қалған істері көп, бәрін санап шығуға қажеті де жоқ. Әркім өзі ойлап табар.

«Қап» дегізген, қапыда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды.

Жаңа басталған іс болған соң жаңылысы, қатесі көп болар. Оқушыларымыз жаңылғанымызды, жаңылысқанымызды бізге көрсетер, айыпқа алмас деп үміт етеміз.

Қазіргі күнде журналға жазуға жәрдемшілеріміз де жоқ. Ләкин, қазақтың қалам ұстаған жастарынан үмітіміз зор, әркім қолынан келгенінше журналымызға сөз жазып жіберер деп.

Журналға бастырылуға жіберілген сөздер қазақша, ноғайша, русча һәм түркіше болса да, қабыл алынады. Халық назар салып, илтифатынан тастамас деп үміт етеміз.

*Басқарушы-бастырушы Мұхамеджан Сералин.
(«Айқап», 1911ж. №1)*

Мақаланың қысқартылған мәтіні 1985 жылы
Алматыда Т.Әбдірахмановтың
құрастырылуымен шығарылған М.Сералиннің
«Топжарған» жинағында жарияланды.

Қазақ қай заманда русиеге қараған?

1730 жылдың басында қазақ халқы Ұлы жүзге Жолбарыс, Орта жүзге Сәмеке, Кіші жүзге Әбілхайыр хан болған.

Россия патшасына бағыну пікірі ең әуелі Кіші жүздің ханы Әбілхайыр ханға түскен. Бұл пікірді жеріне жеткізу үшін Әбілхайыр хан сол уақытта Уфа шаһарында воевод болып тұрған Бутурлинге елші жіберген. Бұл елші Уфа шаһарына 1730 жылы июльде келіп

жеткен. Уфадан елшіні Петерборға жөнелткен. Петерборға елші 1731 жылдың басында барып кірген. Бұл елші император ағзамға Әбілхайырдан хат алып келіп еді. Ол хатта Әбілхайыр хан өзінің қол астына қараған еліменен Русие императорының қол астына қарауға көңілі барлығын білдірген. Ол уақытта Русие мемлекетіне император ағзам Анна Иоановна есімді ханша болған.

Әбілхайыр ханның Русие қол астына қарайтұғын пікірі білінген соң, елшіге зор қадыр құрмет көрсетіліп, тартулар беріліп, Петербордан қайтарылған.

Бұл елші арқылы Әбілхайыр ханға император ағзам хұзыреттерінің 1731 жылы 19 февральда жазылған жарлығы жіберілген. Ол жарлық орысша «Жалованная грамота» деп аталады.

Бұл елшімен бірге Әбілхайыр ханның ордасына Русие хукіметі тәржімән Мұхамед Тәуекелов деген Уфа мырзаларынан біреуді қоса жіберген. Әбілхайыр ханның һәм жұртының жай-жапсарын білмек үшін, Русияға бағынулары шын ықыластан болса, олардан ант алмақ үшін.

Тәуекеловпенен бірге бірнеше Уфадворяндары, сенімді башқұрт адамдары һәм бірнеше атты казак жіберілген. Қазақ халқының мекен еткен қонысын планға түсірмек үшін екі планшы офицерлер де жіберілген.

Тәуекелев Әбілхайыр ханның ордасына нақ бір жыл мекен етіп, халықты үгіттеп, Русиеге қарауға көндірген.

Халық Русияға қарауға риза болған соң, Әбілхайыр хан Тәуекеловпен бірге 1732 жылы декабрьде Петерборға елші жіберген. Елші болып барған адамдар: бірінші — ханның Ералы деген баласы, екінші — ханның немерелесі Нияз сұлтан, үшінші — Кіші жүздің ақсақалдары Тәттімбет батыр менен Бақбек төлеңгіт, төртінші — Ұлы жүздің ақсақалдары Аралбай һәм Ырыскелді батыр. Бұлар Петербордан көп сый-құрметпенен қайтарылған.

Мемлекетке жаңа қосылған жерлерді қолға мүлдем қарату үшін, 1734 жылы 14 майда статский советник Кирилов деген кісі сайланған, оған жәрдем беруге жоғарыда айтылған Тәуекелов тағайындалған. Бұл кісіге ол уақытта полковник дәрежесі берілген екен.

Кирилов 1734 жылы 15 июньде Петербордан шыққан. Серігі Тәуекелов Уфаға келген соң, Кириловтың бас жұмысы Ор суының сағасында отрядыменен келіп, қала салмақ болған.

Ел жоқ, жол жоқ, қалың ағаш арасынан азық-түліктің кемшілігін көре-көре, Кирилов мың машақатпенен 1730 жылы 6 августа Ордың Жайыққа құйған сағасына келіп жеткен. 15 августа сол жерге Орынбор шаһарын салуға кіріскен. Қазір де ол орында Орскі шаһары қалып, Орынбор ол орыннан төмен Жайық бойында «Торғай тебе» деген жерге көшіріліп салынған.

Бұл арада башқұрт арасынан бунт шығып, Кириловтың қазақ ісіне қарауға уақыты болмай кеткен. 1737 жылы 14 жылы апрельде Кирилов Самарда дүниеден қайтқан.

Кирилов орнына Орынбор тарапына бас хакимдікке 10 майда 1737 жылы шыққан әмір бойынша тайный советник Татищев сайланған.

Әбілхайыр хан, баласы Ералы һәм ру басылары — үшбу Татищев алдында ант бергендер. Бұл уақиға 1738 жылы 3 августе болған. Келесі күні ру ақсақалдарына ант бергендер. Ант қағазы мұсылманша жазылған һәм Әбілхайыр хан менен баласы Ералы сұлтанның мөрлері басылған, ру ақсақалдары қолдарын қойған.

1738 жылы 3 августе ант берген ру ақсақалдары бұлар:

1. орта жүз, найман Қонақай батыр Жанкісі баласы;
2. арғын Қарабалуан Алдияр баласы;
3. қыпшақ, Көлденең Теле батыр Ырысымбет баласы;

Қыпшақ, Көлденең Теле батыр Ырысымбет.

4. кіші жүз, алшын, шөмекей-Мәмбет Аталғы Бұлғақ баласы;
5. алшын, алаша Байсу Ботпанай баласы;
6. алшын, тама Алакөз батыр Сары баласы;
7. тарақты, тама Көлкелді батыр Жылкелді баласы;
8. жағалбайлы Сәрке батыр Меңілбек баласы;
9. алшын, масқар Жадық би Масқар баласы;
10. алшын, кете Бестібай Ертай баласы;
11. алшын, алаша Сейтқұл Сейтмет баласы;
12. алшын , жаппас Өтетілеу Қасқа баласы;
13. тарақты, табын-жетігүл Монақай Абат баласы;
14. тарақты, табын Төлебай батыр Жолболды баласы;
15. жетіру Қаржау Көшкінбай баласы;
16. орта жүз, арғын, төртауыл Тоқбура би Керегі баласы;
17. шақшақ Тұрдықұл Қошқар баласы;
18. найман Айтқұл батыр Хожағұл баласы;
19. қанжығалы Қажығұл Жәнібек баласы;
20. шақшақ Бөкенбай Біркұртқа баласы;
21. шақшақ Еділбай Аю баласы;
22. ұзын қыпшақ Қосымбет Құттық баласы;
23. саржетім Өмірзақ Алдияр баласы;
24. алтай, арғын Шағырбай Мырзакелді баласы;
25. саржетім Шағыр Бөкей баласы;
26. шақшақ Жәнібек Ақназар баласы;

4 август:

27. кіші жүз, жетіру, жағалбайлы Тұрлыбай Жұмырын баласы;
28. байбақты Жарқын Жарас баласы;
29. жылқышы, табын Көбек Қарымсақ баласы;
30. табын Қуат Амандық баласы;
31. шөмекей Сәрке Боран баласы;
32. алшын, жаппас Тоқбай Байбөрі баласы;
33. орта жүз, найман Жаралған Хожакелді баласы;
34. шақшақ, арғын Басар Жаманғұл баласы;
35. еркіншілі, найман Кенжебай Алдияр баласы;

36. кіші жүз, табын, тама Мәмбеттімай Абат;
37. кердері Хаққұлы Оразғұл баласы;
38. табын Сәтбек Жанат баласы;
39. табын Сатай Жақсыбай баласы;
40. байбақты Қосшұғұл Жанкелді баласы;
41. табын Қалыбай Тоқаман баласы;
42. жағалбайлы Жапақ Көкше баласы;
43. алаша Марқозы Құты баласы;
44. масқар, игілік Мамай Аталық баласы;

6 август:

45. орта жүз, шақшақ Жәнібек батыр Қошқар баласы;
46. бура, найман Жұрын би Байдығұл баласы;
47. ұзын қыпшақ Тілеулі батыр Ғабдұлрахман баласы;
48. қанжығалы Байболат Құлжұмыр баласы;
49. шақшақ Шалық батыр Тынымбет батыр баласы;
50. шақшақ Хасан Әулиекүл баласы;
51. шақшақ, келте Қарабатыр Арслан ата баласы;
52. бура, найман Ораз батыр Қондыбай баласы;
53. теріс тамғалы, найман Сарықұл Хожагелді батыр баласы;
54. саржетім Қоншыбай Құттыбай баласы;
55. кіші жүз, тама Қырбас батыр Омар батыр баласы;
56. орта жүз, қыпшақ Сатай батыр Көбеген баласы;

Мінеки, осы аталарымыз себебінен біздің қазақ халқы Русие императорының қол астына қараған екен. Бұл адамдардың әрбіреуінің намалары бұл күнгіше халық арасында ұмытылмады һәм нәсіл нәсіптері де шынжыр қатар болып, бақ дәулетке бұл күнге шейін ие болып келе жатыр.

Бұлардан соң Орта жүз, Ұлы жүздің елдері әрқайсылары өз кезегінде Русие қол астына қараған. Біз мұнда қазірге осыменен сөзді доғардық. Бәлкім, екінші бір уақытта реті келсе жазармыз. Бұл сөздер Крафт

деген ғалымның «Принятие киргизами русского подданства» деген кітабынан алынып жазылды.

Мұхамеджан Сералин.
(«Айқап» журналы, №1, 1911 жыл.)
(Мақаланы А. Мектепов 1990 жылы 26 қазанда
«Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады.)

Шаһар Троицк, февраль

Құрметті оқушылар! Алдыңызға журналымыздың үшбу екінші нөмерінде салуға тәңірі жеткерді. Енді газит һәм журнал пайдалы ма, жоқ па деген таласты былай қойып, біздің қазақ халқының осы күнде ең әуелгі ескеріп ойға алатұғын һәм қолға алып істейтұғын өте керекті жұмыстары не? Осыны біраз кеңеселік.

1910 жылы октябрьден бері қарай патша ағзам тарапынан халыққа бостандық-рақым айтылған соң біздің қазақ халқы да аз-маз тіршілік көрсетіп, өздерінің мұң-мұхтажын бас хакимлерге жетістіру үшін сөз қозғай бастады. Халыққа не керек, бас хакимлерден қандай мұхтаждарды өтініп сұрау керек деп әр жерлерден жұрт ойға қалысты. Мен бұл кеңесті біздің Торғай облысы Қостанай уезіне қараған жерлердің бас хакимлерден керекті мұхтаждарымыз деп сұраған тілектерін айтайын.

Бұл жақтағы халыққа ең керекті мұқтажымыз деп сұрағаны — әуелі дін турасындағы мұқтажымызды толықтыру, ол мақсатқа жету үшін қазақ халқына бөлек муфтилік ашу. Екінші мұқтажымыз — жер. Жерді осы күні көшіп-қонып пайдаланған қалыпта қалдыру. Осы екі мұң-мұқтаждан басқа сұрайтын тілегіміз болмады. Басқа жерлердің адамдары да осы тілекті тіледі ме екен? Болмаса олардың мұнан басқа да тілектері болды ма екен біз білмедік.

Дін хақындағы бостандықты бас хакимлердің өздерінен біз сұрамай-ақ берген ісі. Жалғыз-ақ муфтилік

сұраған кеңестік бір қалыпқа қалмай тұр. Түбінде бұл істе бір жайлы болмай қалмас. Ләкин, муфтилік біздің қазақ халқының бас мұңы, бас мұқтажы болар ма екен?

Жер хақындағы тілектер бас хакимлер пайдасына реті солай келгендіктен болса да, немесе ішкі Русиедегі миллиондаған шаруа мужиктарды жерге сиыстыру үшін болса да әйтеуір қазақ сахарасындағы қазақ пайдасынан артық деп түсінген жерлерді өлшеп, мужиклерге беріп жатыр. Жоғарыда көрсетілген қазақ халқының мал бағып шаруа боламын деген сөзі қабылданбады.

Енді не қыламыз? Қалай күн көреміз? Міне осы сөз — қазіргі үлкен кіші барлық қазақ халқының алдында көлденең келіп тіреліп тұрған бір сөз. Қай қалпымен болса да қазақ халқының жерге орналасуы тиіс, біздің түсінуімізше бұл жер кеңесі қазіргі күнде кеңесіміздің басы болып тұр. Қазақ халқы мұнан былай қалай еткенде күн көріп, қалай еткенде тіршілігін сақтауға болады? Мұны ойлау, түсіну һәм бір түрлі шарасын қарастыру — көзі қырағы адамдарымыздың міндеті. Бұл турада әр облыс адамдары сөйлесу, кеңесу тиіс еді. Не шара ондай ынтымақтану біздің қазақтың қолынан келмеді. Қазіргі көрініп тұрған оңай жол «Айқап» журналы арқылы кеңесдүр.

Біз өзіміздің пайдалы деп түсінген сөздерімізді ортаға салайық. Мақұл болса қабылданаар, болмаса қалар. Біз бастап бұл кеңесті қозғасақ әркім де өз білгенін айтар, сөйтіп ортадан салыстырылып көпке ұнағандай бір сөз шығар. Біздің түсінуімізше, шаруа болып мал бағып, көшпелі қалыпта тұрамыз дейтұғын заманымыз озды, қайтып келмейді. Енді мұнан бұлай бізге ең пайдалы болған іс тезірек қала салып, егін пайдасына жарайтұғын жерлерді сақтап қалудүр. Бұлай істесек бізге келетұғын үш пайда бар: әуелі, өзіміз сұранысып қала салсақ, азда болса егін салуға қолайлы жерлерге ие

болып қаламыз, көп күшке берсек қалған жерлердің қолайлысы қолдан кетіп қуғидай (пролетариат) болып қалармыз һәм осы бытыраңқы қалыбымызды тастама-сақ, көптің аяқ астында қалып мүлдем жоқ болып кетерміз. Ондай азып-тозып жоқ болғандар тарих кітап-ларында көп көрінеді. Екінші пайдамыз — қала салсақ мешіттер салармыз, мектеп, медресе ашып балаларымызды оқытып, сүйікті отанымыз болған Русиенің пайдалы бұқарасының бірі болуымыз. Бұл надан һәм жалқау халімізде жата берсек, біз мемлекетке қандай пайда келтіруге жараймыз? Өз басының пайдасын білмеген адам, кісіге де пайда келтіре алмайды.

Үшінші пайдамыз — қалалы халық болсақ баяғы сұраған дін тұрасындағы тілектеріміз де тезірек орнына келе бастар. Бәлкім бас хакимлер қолайлы тапсалар сұраған муфтилікті берелер. Әу жұртым, ойланайық, келешектегі заманымыз қалай болады? Заманға муафық іс істейік. Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді.

М.Сералин. («Айқап», 1911, №2.)

Біздің дертіміз

Әр халықта да жыл басын мейрам қылып бір-біріне құтты болсын деп айтатұғұн ғадет бар. Рус халқы 1 ғинуарды жыл басы есеп етіп мейрам етеді.

Бүкіл мұсылман халқы жыл басын мухаррам айынан есеп етеді, һәм бірінші мухаррамды жаңа жыл деп мейрам етеді. Біздің қазақтың бұрын өткендері 1 хамалды, яғни, 6 мартты жыл басына есептеп «наурыз» тойын айтып жаңа жыл кіреді деп жүрген. Жаңа жылды мейрам еткендегі қалыбы: үлкен қазанға бидай көже асып, ішіне ет турап, бас салып «наурыз көже» есім беріп, ауыл болып жиылысып ішеді екен. Шаһарға жақын жерлердегі елдер бұл ғадетті ұмытуға жақышдап бара жатыр. Біз баяғы ата қалыбын ұстап оқушы-

ларымызға «жаңа жыл құтты, наурыз байсалды болсын!» дегенді тілейміз.

Осы наурыздан басталатын жаңа жылымыз есімі доңыз болса да, өзі доңыз болмай, қазақ халқы үшін ұйқыдан көз ашып, өзіменен көршілес жұрттардың қатарына кіретұғын жыл болса екен деп тілейміз.

Бізден басқахалық қазіргі күнде жұрт үшін не нәрсе пайда, не нәрсе зарар екендігіне түсініп, зарардан құтылуға, пайда табуға талпынып жатыр. Біз өзімізге пайда келтіретін не, зарарды не нәрседен көріп тұрмыз, айырып біле алмай, пайдалы деп зарарлыны ұстадық, зарарлы деп пайдалы істен қаштық.

Осындай пайда-зарарды айыра білмегендіктен бас хакимлер қала салыңыз деп ихтиярды өзімізге беріп, зарлап тұрғанда, бұл сөздің асылына түсінбедік, өз ихтиярымызбенен қала салмадық. Мұнан былай да қала салып жұрт бола қоюымыз күмән. Егінге қолайлы жерлерде көшкен мужик келіп отырып қалды. Біз бытырап, қала-қаланың арасында қараланың шахат жерде қалып бара жатырмыз. Жұрт болуды ойланғанымыз, пайдамызға түсінгеніміз осы ма?

40 жылдан асып бара жатыр, сайлау партиясы деген талас дертіне душар болдық. Бұл талас дерті бүкіл қазақ баласына тегіс жұқты. Бұл дерттен аман қалған ел болмады. Бұл дертке ұшыраған талай байларымыз малынан, абыройынан жүдә болды. 40 жылдан бергі ойлаған ойымыз, жұмыстанған жұмысымыз бір ғана сол партиялық болды. Бұл жолғы, бүкіл қазақ баласы болып, ақылымызды, өнерімізді, ижтихадымызды, күшімізді һәм малымызды жырақтап жұмсадық. Үлкен кішіміздің ойлағанымыз, іздегеніміз партиялық болды. Бөтен істі ойлауға, жұмыстауға партиялық ісінен босана алмай уақытымыз болмады. Әлі күнгіше сол дерт бізді айналдырып келе жатыр. Мінез-құлқымыз, ниет-пиғылымыз мүлдем бұзылып, баяғы мұнан 40 жыл бұрынғы халімізде салыстырып